

Кімге: «AQJAIYQ» ӘКК АҚ басқармасының төрағасы Е.Н.Досмақовқа

Автордың аты-жөні: Биғалиев Ержігіт Нұржанұлы

Лаузымы: БҚО, Жаңақала ауданы, Жаңақала ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы

Күні: 16.10.2024 ж.

Аналитикалық жазба

Тақырыбы: «Ауыл аманаты» бағдарламасы: мүмкіндіктер, кедергілер.


Кілт сөздер: Ауыл аманаты, бизнес жоспар, пайыздық мөлшері аз несие және т.б;

Кіріспе

«Ауыл аманаты» жобасы 2022 жылдан бастап 2,5% пайызбен жеңілдетілген несие беріп, 2023-2027 жылдарға халықтың әл-ауқатын көтеру мақсатында өз жұмысын бастаған болатын. «Ауыл аманаты» жобасының басты мақсаты – ауылды жерлердегі халықтың табысын арттыру. «Ауыл аманаты» жобасы бойынша ауыл тұрғындары өз бизнесін дамытуға немесе кооператив құрамында жеңілдетілген несие ала алады, сондай-ақ техниканы лизингке рәсімдеуге болады. Қарыз алу шарттары да өте тиімді, себебі ондағы пайыздық мөлшерлеме әлдеқайда төмен. - несие/микронесие мерзімі – 5 жыл, ал мал шаруашылығы және ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру саласындағы жобалар бойынша 7 жылға дейін; - несиенің/микронесиенің ең жоғары сомасы қолданыстағы заңнама бойынша айқындалады; - номиналды сыйақы мөлшерлемесі – 2,5 пайыз, кепілмен қамтамасыз ету. Мұндай несие халыққа пайдалы. Мәселен, бүгінде бірде-бір коммерциялық банкте ауыл тұрғындарында мұндай шарттармен несие алу мүмкіндігі жоқ. Әлемдегі инфляцияны ескеретін болсақ, 2,5 пайыздық несие бұл – өте тиімді. Сондықтан да ауылда қандай да бір өндіріс ашып, оны дамыту үшін бұл – үлкен мүмкіндік. Алайда, осы халықтың әл-ауқатын көтеру үшін пайдасы зор несиені алу үшін қағазбастылықтың көптігі, қаржының кешіктірілуі, құжаттарды қарап, тексеру мерзімінің ұзақтығы, электронды өтінім берудегі сайттағы оқылықтар, несие алу шарттарының қиындықтары секілді кедергілер туындап отыр.

Негізгі бөлім

«Ауыл аманаты» бағдарлама 2023-2025 жылдарға арналған, несиелер 2023 жылдан бастап беріле бастады. Бағдарлама бойынша ауыл тұрғындары өз бизнесін дамытуға немесе кооператив құрамында жеңілдетілген несие ала алады, сондай-ақ техниканы лизингке рәсімдеуге болады. Ауылда қандай да бір өндіріс ашып, оны дамыту үшін аталған жоба – үлкен мүмкіндік.



1-диаграмма

1 – диаграммада көрсетілгендей Жаңақала ауданы бойынша несие алуға ниет білдірген азаматтар 2023 жылға қарағанда көп, алайда кедергілер салдарынан мақұлданған жоба санымен, қаржыландырылған жоба саны 2023 жылмен салыстырғанда аз.

Мәселелер: Қаражатты ісін жаңа бастаған және жұмыс істеп жүрген кәсіпкерлер, зейнеткерлік жасқа толмаған жұмыскерлер, жеке кәсіпкер ретінде тауарларды өндіру немесе өткізу, жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету жөніндегі қызметті дербес жүзеге асыратын тұлғалар, отбасылық кәсіпкерлікте ақы төленбейтін қызметті жүзеге асыратын тұлғалар, қосалқы шаруашылықтың мүшелері, табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен өндірістік кооперативтердің мүшелері ала алады. Алайда жылжымайтын мүлікті бағалаудың өзі кемі 30 мың теңгеден басталады, одан бөлек бизнес жоспар жасаудың критерийлерін білмейтін азаматтар бизнес жоспарды сатып алады, ал ол бизнес жоспардың құны 60 мың теңгеден кем емес. Яғни, «Ауыл аманаты» бағдарламасымен несие алуға ниет білдірген азаматтар құжаттарын түгел жинаудың өзіне кемі 90 мың қаражат жұмсайды, ал

күнкөрісі төмен деңгейдегі азаматтардың бұл құжаттарды жинауға қалталары көтермейді.

Тағы бір мәселе бұл құжаттардың ұзақ қаралуымен, қаржыландырудың ұзақтығы. Бір жобаның қаралу ұзақтығы 15 күн, кейде кезекте жобалардың көптігінен тіпті 1 айдан көп уақытқа дейін қаралып кетеді. Жоба мақұлданған күннің өзінде заңгердің ескертпесі тағы бар. Ескертпені несиені алғанға дейін жою шарт. Қағазбастылықтың көптігінен несие алушы тұлға жергілікті әкімшілікке бір емес бірнеше рет келіп құжаттарын реттейді. Сонымен қатар қаражаттың кешіктірілуінен наурыз, сәуір айларында құжаттары несие алуға мақұлданған азаматтар әлі де болса қаражаттарын ала алмай отыр. Қаражаттың кешіктірілуі тауардың бағасының қымбаттауына, алынатын малмен құстың ауа райына қолайсыздығына әкеліп соғады. Мысалы Жаңақала ауданы, Жаңақала ауылының тұрғыны Даулеталина Айгерім бөдене құсын өсіру үшін несие алуға ниет білдіріп, құжаттары мақұлданған болатын, алайда қаражаттың кешіктірілуіне байланысты ол бөдене құсын күз немесе қыс айларында ала алады, бөдене құсының сезімталдығына байланысты балапандары салқын уақытқа төзе алмай қалуы мүмкін. Жеке кәсіпкерге ең көп болғанда 9,2 миллион теңге беріледі. Бұл сомаға су жаңа техника алу мүмкін емес. Шаруа ескі техника алайын десе жоба талабы бойынша 2015 жылдан бұрын шыққан өнімді алуға болмайды. Бұл да азаматтарға кедергі болып отыр. Тағы сол сияқты қолайсыздықтар тудыруы мүмкін. Жоғарыдағы мәселелер салдарынан кейбір несие алуға ниет білдірген азаматтар несие алудан бас тартып жатыр.

Қорытынды: Қорытындылай келе «Ауыл аманаты» жобасы еліміздегі ауыл аймақты дамытуға септігін тигізетін бірден-бір басты жоба. Біріншіден, 2,5 пайызбен несиені не банктер, не микроқаржылық ұйымдар бермейді. Екіншіден, банктер ауылда қаржылай несие бермейді, себебі онда кепілдікке беретін ештеңе жоқ деп есептейді. Тіпті олар несие берген күннің өзінде 0,4 коэффициентпен береді. Ал «Ауыл аманаты» бағдарламасына 0,7 коэффициентпен несие беру қарастырылған. Мәселен, несие алушының кепілдіктегі үйі бір миллион теңгеге бағаланса, 700 мың теңге беріледі. Ал банктер баспананы бір миллион теңгеге бағаласа, 400 мың теңге ұсынады. Басқа несие беруші жобаларға қарағанда несие шарттары қатаң тексеріледі. Қарапайым тұрғындармен жеке кәсіпкерлердің наразылықтарыда осыда. 2024 жылдан бастап қағазбастылықты азайту мақсатында amanatntsie.kz порталы шығарылып, несиеге өтінімді онлайн қабылдап бастап кетті. Сайтта оқылықтар болғанымен жобаның алға басуына, 21-ғасырға сай электронды дамуына өз үлесін тигізіп жатыр. Осындай жобалар арқылы ауыл адамдары тұрмысын жақсартып, әл-ауқатын арттырады. Ең

бастысы, жаппай қалаға көшу үрдісі бәсеңдейді. Елді мекендерде жұмыс орындары ашылады. Әсіресе, жастар қауымының туған жерде тұрақтап қалуына жағдай жасалады.

Ұсынымдар: Бұл бағдарламаға қатысу үшін керекті көп құжатты тапсыру жергілікті шаруақожалық иелері мен кәсіпкерлер үшін тиімсіз. Оны дайындау үшін біраз уақытын жұмсайды. Сондықтан осы тізімді жеңілдету қажет. Сондықтан келіп түскен өтінішті жеке-жеке қарап, ақпараттық насихаттау жұмыстарын күшейту керек. Аудан орталықтарындағы ауыл шаруашылық бөлімдерінен «Ауыл аманаты» бағдарламасымен айналысатын бір маманға жұмыс орнын ашу керек. Себебі маманның тапшылығынан, ауылдық округтерде, аудан орталықтарында жұмыстың көптігінен «Ауыл аманаты» бағдарламасы тұралап қалып жатыр. Электронды өтініш беруді қарапайым халыққа кеңінен таныстырып, әр азамат өзі өтініш бере алатындай қылып жеңілдетсе, жобаның орындалу қарқыны күшейіп, жұмысы азаяр еді. Қаржыландыруды кешіктіргенге қарағанда үкімет қаражат бөлгеннен кейін ғана сол сомаға байланысты жобаларды қабылдап қаржылдандырған жөн деп санаймын.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1. «Ауыл аманаты» жобасы: Жерге – тыныс, елге – ырыс. <https://egemen.kz/article/348873-auyl-amanaty-dgobasy-zherge-%E2%80%93-tynys-elge-%E2%80%93-yrys>
2. «Ауыл аманаты» жобасы – ауылды дамытудың кепілі <https://degdar-news.kz/2024/05/16/auyl-amanaty-zhobasy-auyldy-damytudy-kepili/>
3. «Ауыл аманаты» жобасы <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-zhambyl/press/news/details/589710и>
4. «Ауыл аманаты»: Ауыл адамдары тұрмысын жақсартып, әл-ауқатын арттырады <https://baq.kz/auyl-amanaty-auyl-adamdary-turmynsyn-zhaqsartyp-al-auqatyn-arttyrady-284722/>
5. БҚО әкімі Жаңақалада «Ауыл аманаты» жобасы <https://zhaikpress.kz/kk/news/bko-akimi-zhanakalada-auyl-amanaty-zhobasynyn-katysushylarymen-kezdesti/>